



KASE АПТАЛЫҒЫ

07 – 11 шілде, 2025

KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

- KASE ресми тізіміне АҚШ Қаржы министрлігінің [US912828V988](#) (US172_2702) халықаралық облигациялары, жергілікті атқарушы органдар облигацияларының үш шығарылымы, "Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ [KZ2C00014652](#) (IDFRpp1) және [KZ2C00014660](#) (IDFRpp2) облигациялары енгізілді.
- KASE-де АҚШ Қаржы министрлігінің [US91282CMH15](#) (US168_2701), [US912797QD26](#) (US169_2604), [US912797QN08](#) (US170_2605) және [US912797QV24](#) (US171_2509) халықаралық облигацияларымен, "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ [KZ2C00012136](#) (KFUSb86) және "HOME CREDIT BANK" АҚ [KZ2C00014124](#) (HCBNB19) облигацияларымен сауда-саттық ашылды.
- KASE-де 2025 жылдың тамызында және 2026 жылдың маусымында орындалатын фьючерстермен сауда-саттық ашылды.
- "Mogo Kazakhstan (Мого Қазақстан)" МҚҰ" ЖШС [KZ2P00013212](#) (MFMOB24) және [KZ2P00013345](#) (MFMOB27) облигациялары "таза" бағамен сауда-саттық тәртіптемесіне ауыстырылды.

ОРНАЛАСТЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Қазақстан Қаржы министрлігі 25,6 млн MEYKAM [KZKD00001301](#) (MUM096_0015) және 82,0 млн MEYKAM [KZKD00000790](#) (MUM180_0011) орналастырды.
- Еуразиялық Даму Банкі [KZ2D00014701](#) (EABRb54) бес жылдық облигацияларын орналастыру арқылы 500,0 млн юань тартты.
- "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ [KZ2C00012813](#) (BRKZb41) облигацияларын орналастыра отырып, жазылым арқылы 2,8 млрд теңге тартты.
- "ТССП Групп" ЖШС жазылым арқылы [KZ2P00008113](#) (TSSPb1) үш жылдық облигацияларын орналастыра отырып, 87,9 млн теңге тартты.
- "Teniz Capital Investment Banking" АҚ 50,0 млн теңге сомасына 5 264 [KZ1C00000256](#) (IFDR) жай акция орналастырылды.
- "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ [KZ2C00012102](#) (KFUSb84) облигацияларын орналастыру арқылы 10,4 млрд теңге тартты.

ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- "Эйр Астана" АҚ [KZ1C00004050](#) (AIRA) жай акциялары бойынша 2024 жылға дивидендтер төледі.
- "Самұрық-Энерго" АҚ 2024 жылға жай акциялар бойынша дивидендтер төледі.
- "Фридом Финанс" АҚ 2025 жылдың екінші тоқсанында "Fixed Income USD" ИИПҚ KZPF00000082 (FFIN_or) пайлары бойынша дивидендтер төледі.
- "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ еурооблигациялардың екі шығарылымы Вена қор биржасында сауда-саттыққа жіберілгені туралы хабарлады.
- "Арнур Кредит" МҚҰ" ЖШС Fitch Ratings агенттігі компанияның рейтингтерін растағаны туралы хабарлады, болжам "Позитивті".
- "Сейф-Ломбард" ЖШС Fitch Ratings агенттігі компанияның рейтингтерін растағаны туралы хабарлады, болжам "Тұрақты".

11.07.2025

Трендтер (%)

KASE Индексі 6 210,22 1,6 8,8

Өтімділіктің бірінші сыныбы Бағасы Δ 7к Δ 1а


АО "ForteBank"	22,00	20,8	190,6
АО "Банк ЦентрКредит"	3 745,00	6,4	22,2
Advanced Micro Devices, Inc.	144,80	4,8	18,0
NVIDIA Corp.	166,00	4,1	16,2
АО "Национальная компания "ҚазМұнайГаз"	17 597,89	3,9	18,1
Intel Corporation	23,33	3,2	11,6
АО "Кселл"	3 480,00	2,7	7,2
АО "KM GOLD"	70,00	1,5	0,0
АО "Национальная атомная компания "Казатомпром"	22 800,00	0,8	8,6
Microsoft Corporation	501,96	0,5	7,0
АО "Народный Банк Казахстана"	331,44	0,4	12,7
Pfizer Inc.	25,52	0,4	5,3
АО "KEGOC"	1 456,00	0,0	0,7
АО "ҚазТрансОйл"	812,10	0,0	0,1
Freedom Holding Corp.	146,00	- 0,4	4,2
Apple Inc.	211,66	- 0,8	3,6
АО Kaspi.kz	45 100,00	- 1,1	1,0
АО "Қазақтелеком"	39 500,00	- 1,8	1,0
АО "Эйр Астана"	714,61	- 1,8	3,3
PayPal Holdings Inc.	74,46	- 2,0	0,5
Tesla, Inc.	310,08	- 2,9	3,7
AT&T Inc.	27,19	- 4,5	3,2
Bank of America Corporation	46,60	- 5,9	3,3

Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген

KASE Индексінің акциялары



Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі



Өткен аптада KASE Индексі кезекті тарихи максимумға - 6 216 тармаққа жетті және жұма күнгі сауда-саттық сессиясының соңында 6 210 тармақ белгісінде тіркелді.

Индекстің өсуінің негізгі драйвері ҚазМұнайГаз акциялары болды, олар бір апта ішінде мұнайдың әлемдік бағасының өсуіне байланысты 4 %-ға өсті. Мұнай бағасының өсуіне ОПЕК қазан айынан бастап өндірісті ұлғайтуды тоқтата тұруды қарастырып жатқандығы туралы хабарламалар себеп болды. Нарық қатысушылары мұны жақын арада жеткізілім тапшылығы туралы сигнал ретінде қарастырды. Энергетика секторында "ҚазТрансОйл" акциялары оң динамиканы көрсетті, олар 1 %-ға қымбаттап, бір акция үшін 820 теңге деңгейінде сауда-саттықты аяқтады.


Сонымен қатар, 2 шілдеде KEGOC Бакуде Орталық Азия мен Закавказьеде "жасыл" энергетиканы дамыту үшін тіркелген Қазақстан, Әзірбайжан және Өзбекстан бірлескен кәсіпорны - Green Corridor Alliance-тің 33 % үлесінің иесі бола отырып, өзінің халықаралық қатысуын кеңейтті. Бұл ретте аптаның қорытындысы бойынша KEGOC жай акциялары 0,1 %-ға өсті.

Сонымен қатар, Эйр Астана Ұлттық авиатасымалдаушысы жай акциялар бойынша дивидендтер төлегенін хабарлады. Дивидендтердің жалпы мөлшері бір жай акцияға 53,7 теңгені немесе бір ЖДҚ-ға 214,8 теңгені құрады. Компанияның акциялары бір апта ішінде 2 %-ға төмендеді.


Телекоммуникация секторында көп бағытты динамика байқалды: Kcell акциялары 3 %-ға, 3 480 теңгеге дейін, ал Қазақтелеком акциялары 2 %-ға, 39 500 теңгеге дейін төмендеді.

Ақша нарығында TONIA бір күндік репосын тарту мөлшерлемесі төмендеді және аптаның қорытындысы бойынша жылдық 15,51 % құрады. Бір күндік валюталық своп операцияларының бір аптадағы кірістілігі жылдық 10,10 %-ға дейін төмендеді.


Инфляция және пайыздық мөлшерлеме



ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері



Тәуекелсіз қысық кірістілігі



Маусым айының қорытындысы бойынша теңге бағамы 1,7% әлсіреп, бір АҚШ доллары үшін 519,73 теңгеге жетті. Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың орташа күндік көлемі бір айда 238 млн АҚШ долларынан 235 млн АҚШ долларына дейін төмендеді. Сауда-саттықтың жалпы көлемі 4,7 млрд АҚШ долларын құрады.

Маусымда Ұлттық қордан валюта сату 800 миллион АҚШ долларын құрады, бұл республикалық бюджетке трансферт бөлуге мүмкіндік берді. Ұлттық қордан сату үлесі сауда-саттықтың жалпы көлемінің 17%-ын немесе күніне шамамен 40 млн АҚШ долларын құрады.

Үкіметтің республикалық бюджетке трансферт бөлуге берілген алдын ала өтінімдері бойынша шілдеде Ұлттық Банк Ұлттық қордан 600-700 млн АҚШ доллары мөлшерінде валюта сатады деп күтілуде.

Айналау операциялары аясында маусым айында 213 млрд теңге зарарсыздандырылды. Шілде айында осы мақсатта 290 млрд теңгеге баламасында валюта сатылады деп күтілуде.


Ұлттық Банк маусымда валюталық интервенция жүргізбеді.

Квзимемлекеттік сектор субъектілерінің валюталық түсімнің бір бөлігін міндетті түрде сату бойынша норма шеңберінде өткен айдың қорытындысы бойынша валюталық түсімді сату көлемі 322 млн АҚШ долларын құрады.

Ұлттық Банк БЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық үлесін ұзақмерзімді кезеңде кемінде 40% деңгейінде ұстап тұру мақсатында маусымда биржалық сауда-саттықта шетел валютасын сатып алды, олардың жалпы сомасы 188 млн АҚШ долларын немесе сауда-саттықтың жалпы көлемінің шамамен 4%-ын құрады.


Шетел валюталарының бағамы

динамикасы
Δ %, база (01.01.24)



Brent мұнай құны

USD/баррель



— GBPKZT	704,71	-0,60	2,65	21,33
— USDKZT	520,93	0,27	1,95	20,08
— EURKZT	609,07	-0,45	4,68	24,63
— CNYKZT	72,68	0,19	2,08	6,66
— RUBKZT	6,68	1,21	2,78	15,42

Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.

Халықаралық индекстер						Шикізат нарығы					11.07.2025
Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс	Атауы	Бағасы	Тренд %			
		7к	1а	1ж				7к	1а	1ж	
 S&P 500	6 259,75	-0,3	3,9	12,1	-0,4	Мұнай (Brent)	70,36	3,0	0,8	-17,6	
 Dow Jones	44 371,51	-1,0	3,5	11,6	-1,1	Мұнай (WTI)	68,45	2,2	0,4	-17,2	
 PTC	1 068,61	-4,5	-1,9	-0,3		Табиғи газ	3,31	-2,8	-5,5	46,1	
 MMBБ	2 642,02	-5,7	-3,0	-11,7		Мыс	556,20	9,1	15,5	23,4	
 Hang Seng	24 139,57	0,9	-0,9	35,4	1,0	Темір	748,00	-2,6	-0,9	-14,4	
 SS CSI 300	4 014,81	0,8	3,1	15,8	1,8	Алтын	3 355,59	0,6	0,8	38,9	
 Euro Stoxx 50	5 383,48	1,8	-0,2	8,2	1,6	Күміс	38,68	5,1	6,7	23,2	
 FTSEuroFirst	5 971,00	1,5	-0,6	7,6	1,5	Астық	540,75	-1,3	1,2	-2,4	
 FTSE 100	8 941,12	1,3	0,9	8,7	1,2						
 KASE	6 210,22	1,6	8,8	18,7							

Экономикалық уақиғалар күнтізбесі		Валюта	Болжам	Алдыңғы
15.07	<u>ЖІӨ (ж/ж) (2 тоқс.)</u>	CNY		5,4%
15.07	<u>Тұтыну бағаларының базалық индексі (ТБИ) (а/а) (маусым)</u>	USD	0,3%	0,1%
15.07	<u>Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ж/ж) (маусым)</u>	USD	2,6%	2,4%
16.07	<u>Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ж/ж) (маусым)</u>	GBP	3,4%	3,4%
16.07	<u>Өндірушілердің баға индексі (PPI) (а/а) (маусым)</u>	USD	0,3%	0,1%
17.07	<u>Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ж/ж) (маусым)</u>	EUR	2,0%	2,0%
17.07	<u>Филадельфия ФРБ өндірістік белсенділік индексі (шілде)</u>	USD	0,4	-4,0

Анықтама: күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптадағы ең маңызды экономикалық уақиғаларды қамтиды

В – миллиард
М – миллион
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы	Мәні	Күні	Алдыңғы ай
Жылдық инфляция	11,8%	01.07.25	11,3%
ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD	52,0	01.07.25	52,3
Ақша базасы, млрд KZT	13 973,7	01.06.25	13 534,8
Ақша масса, млрд KZT	45 942,6	01.06.25	45 724,1

Қазақстанның несие рейтингі	Рейтинг	Күні	Алдыңғы
S&P Global	BBB-/A-3 тұрақты	21.02.25	BBB-/A-3 тұрақты
Moody's	Вaa1/тұрақты	09.09.24	Вaa2/позитивті
FitchRatings	BBB/тұрақты	15.11.24	BBB/тұрақты

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Мекенжайы: Қазақстан Республикасы,
А15G7M6, Алматы қ., Байзақов көшесі, 280-үй,
Almaty Towers көпфункционалды кешенінің
солтүстік мұнарасы, 8-қабат

Тел.: +7 (727) 237 53 23
+7 (727) 237 53 28

KASE




FAQ

in



f



Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді.

KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламған жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.

Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.